

Есеп

Шымкент қаласына іссапар туралы

2024 жылғы 16-25 сәуір аралығында "Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық шаралары" (ИРН АР 19675171) жобасы бойынша ғылыми іссапарлардың күнтізбелік жоспарын орындау шеңберінде Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, ҒЗИ жетекші ғылыми қызметкері А.Х. Феткулов Шымкент қаласында іссапарда болды.

Іссапар барысында келесі міндеттер шешілді:

- зерттеу және ресми статистика тақырыбы бойынша эмпирикалық материалдарды жинау (сауалнама);
- тергеу және сот практикасын талдау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл саласындағы тәжірибені зерделеу;
- тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы проблемалармен айналысатын сарапшылармен және ғалымдармен кездесу.

2024 жылғы 17 сәуірде Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне (Қазақстан, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5) келді, онда жиырма мыңнан астам студент оқиды. Оңтүстік Қазақстан университетінің Заң факультеті - еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бойынша ғылыми еңбектері мен практикалық тәжірибесі бар көрнекті ғалымдар, заңгер-құқықтанушылар жұмыс істейтін университеттің жетекші факультеттерінің бірі.



2024 жылғы 17 сәуірде академиялық мәселелер жөніндегі проректор, з.ғ.к., Құрманғалы Рахымбердиұлы Сарықұловпен кездесу өтті, оның барысында сапардың мақсаты мен міндеттері талқыланды, содан "қылмыстық құқық және қылмыстық процесс" кафедрасының профессор-оқытушылар құрамымен, университет студенттерімен, магистранттармен және докторанттармен кездесуге рұқсат алынды.



Оңтүстік Қазақстан университетінің "Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс" кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.к., доцент Имашев Ботабек Есенбекұлы мен кездесу өтті. Кездесу барысында қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға, оның ішінде оңтүстік өңірде де, тұтастай республика бойынша да тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзуға қарсы іс-қимыл саласындағы қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мәселелері қаралды.



Кездесу барысында әкімшілік, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, криминология және криминалистика саласындағы жетекші мамандардан университет ғалымдары мен оқытушыларынан ғылыми зерттеу тақырыбы

бойынша кеңестер алынды
(<https://www.instagram.com/reel/C6YEdDNg0/?gsh=eT11emd6dXJmYno5>).

Әңгіме аяқталғаннан кейін профессор - оқытушылар құрамы мен сарапшылармен сұхбат жүргізілді. "Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс" кафедрасында заң ғылымдарының бес кандидаты, он бір аға оқытушы, оның ішінде он құқық магистрі және үш оқытушы жұмыс істейді. "Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс" кафедрасының профессор-оқытушылар құрамымен жоба шеңберінде ғылыми зерттеу және ғылыми-практикалық семинар өткізу тақырыбы бойынша басқа да сауалдарды талқылау үшін кезекті кездесу өткізуге келісті.



2024 жылғы 18 сәуірде Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің "Экономика және құқық" факультетінің деканы (Қазақстан, Шымкент қаласы, Қонаев даңғылы, 21), экономика ғылымдарының кандидаты Наурызбекова Альмара Еркінқызымен кездесу өтті. Оның барысында сапардың мақсаты мен міндеттері талқыланды. Содан кейін профессорлық-оқытушылық құраммен кездесуге рұқсат алынды. "Экономика және құқық" кафедрасының оқытушылар құрамымен, университет студенттерімен, магистранттармен және докторанттармен кездесу болды.



Кездесу барысында тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың біліктілігі мәселелері туралы айтылды.



Әңгіме аяқталғаннан кейін "Экономика және құқық" кафедрасының профессор - оқытушылар құрамы мен сарапшылармен сұхбат жүргізілді. "Экономика және құқық" кафедрада жиырма тоғыз оқытушы жұмыс істейді. "Экономика және құқық" кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамымен ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша басқа да мәселелерді талқылау үшін кезекті кездесу өткізуге келісті. Сондай-ақ ғылыми-практикалық семинар өткізуге келісті.

2024 жылғы 19 сәуірде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде з. ғ.к., доцент Феткулов Аликжан Халелович "Тау - кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қылмыстық-құқықтық және криминологиялық проблемалар" тақырыбында ғылыми-практикалық семинар өткізді. Аталған семинар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылай қолдауымен жобаны орындау аясында өткізілді (ИРН АР 19675171).

Семинар жұмысында ҚР ҚК 277-бабы бойынша жауапкершілікті көздейтін қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері қаралды. Қылмыстың аралас құрамдарын ажырату критерийлеріне ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерінің бұзылуына (ҚР ҚК 277-бабы) және еңбекті қорғау ережелерінің бұзылуына (ҚР ҚК 156-бабы) салыстырмалы талдау жүргізілді. Құқықтық талдау жүргізілді және осы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының белгілері, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар қаралды. Сондай-ақ, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері қаралды.

Бұл семинар университеттің қылмыстық құқық және процесс кафедрасының профессор - оқытушылар құрамы мен ғылыми жастардың арасында үлкен ғылыми қызығушылық тудырды.



2024 жылдың 20 сәуірінде Оңтүстік Қазақстан университетінің "Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс" кафедрасының профессор-оқытушылар құрамымен кездесу өтті. Кездесу барысында кафедраның әкімшілік, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, криминология және криминалистика саласындағы жетекші оқытушыларының еңбек қауіпсіздігі мен жағдайларын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзудың алдын алудың криминологиялық мәселелері талқыланды, кафедра оқытушыларының осы ғылым саласындағы жұмыстарымен танысты. Осы қылмыстық іс-әрекеттерді бірлесіп жасаған және жасаған осы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісіне байланысты проблемалар талқыланды. Оқытушылармен бірлесіп, бұл мәселе экономиканың тау-кен және құрылыс салаларын дамытудың қазіргі жағдайында одан әрі зерттеуді қажет ететін мәселе бар деген қорытындыға келді.

Ғылыми зерттеу тақырыбынан басқа, экономикалық және құқықтық зерттеулердің ғылыми-зерттеу институты, Қазтұтынуодағы қара-ганды университетінің заң кафедралары мен Шымкент қаласының университетінің заң кафедралары арасындағы одан әрі ғылыми ынтымақтастық мәселелері талқыланды, ол үшін ғылыми ынтымақтастық туралы Арнайы шарт немесе меморандум жасасу қажеттігі айтылды.



2024 жылғы 22 сәуірде Ж.А.Ташенев атындағы университеттің "Экономика және құқық" кафедрасында "Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қылмыстық-құқықтық және криминологиялық проблемалар" тақырыбында ғылыми-практикалық семинар өткізілді, ол кафедра оқытушыларымен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен жобаны орындау шеңберінде өткізілді (ИРН АР 19675171).

Ғылыми-практикалық семинар жұмысында тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейтін қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері қаралды. Осы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының белгілеріне қатысты проблемалық мәселелер, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері қаралды. Сондай-ақ заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар қаралды. Семинар университеттің "Экономика және құқық" кафедрасының профессор-оқытушылар құрамының үлкен ғылыми қызығушылығын тудырды. Олардың тарапынан осы ғылыми жобаға одан әрі қатысу туралы ұсыныстар болды.



2024 жылдың 23 сәуірінде полиция департаментінің тергеушілерімен кездесу ұйымдастырылды. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы қылмыстық істерді тергеуге байланысты қылмыстық іс жүргізу мәселелері, сондай-ақ тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін біліктілік пен жаза тағайындау мәселелері талқыланды. Осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мәселелері талқыланды.

Олардың тарапынан еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы бұзушылықтарға қарсы іс-қимылда заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар алынды. Проблемалық мәселелерді талқылағаннан кейін тергеушілерге сауалнама жүргізілді.

2024 жылдың 24 сәуірінде Оңтүстік Қазақстан университетінің "Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс" кафедрасының профессор - оқытушылар құрамымен кезекті кездесу өтті. Онда тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзудың алдын алудың криминологиялық мәселелері талқыланды. Қазақстан Республикасы соттарының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілікті регламенттейтін қылмыстық заңды қолдану практикасы мәселелері талқыланды. Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін жауапкершіліктің әкімшілік-құқықтық мәселелері қаралды, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы ағымдағы қылмыстық заңнама және оны одан әрі дамыту перспективалары туралы пікір алмасылды.



Оңтүстік Қазақстан университетінің өкілдерімен кездесу барысында.

М. Әуезов пен Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттер кітапханасының қорына ғылыми кітаптар сыйға тартылды, профессор-оқытушылар құрамымен суретке түсіру жүргізілді. Жазбаша есеп пен фоторепортаж университеттің сайтында орналастырылған.

Күнтізбелік жоспарды орындау шеңберінде өткізілген іссапардың мақсаты мен міндеттері толық орындалды.